

Хаттама

03.04.2025 жыл

№ 8

Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы

Жиналыс төрайымы: Ж.Уразбаева

Хатшысы: Қ.Өтембет

Қатысқандар: 7 (жеті) адам, Әшір Нұрбибі, Р.Кемаладинов, Б.Темірбаева, О.Балмағамбетов, А.Берекетов

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметін ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ж.Уразбаева – жиналыс төрайымы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша. Комиссияның атқаралған жұмыстары туралы таныстырды.

Ас блогындағы, асханадағы жұмыстарға байланысты тексеру қорытындысы:

1. Мектеп басшысының тапсырмасымен күнделікті бір мезгіл ыстық тамақты дайындау сапасы мен қауіпсіздігіне баса назар аударылды.

2. Азық түліктердің сертификаттарының жарамдылығы тексерілді.

3. Қазалы аудандық білім бөлімінің басшысы бекіткен қыс-көктем мәзірі бойынша төрт апталық бекітілген ас мәзіріне сәйкес оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастырды. Күнделікті ас мәзірі бекітіліп, асхананың ас ішетін бөлмесінің бұрышына ілінді.

4. Азық түлік өнімдерінің ас ассортиментінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға, перспективалық ас мәзірге қойлатын талаптар сәйкес болуы үнемі бақылауда. Оның ішінде тамақ граммдары үнемі өлшеніп отырылады.

5. Комиссия мүшелерімен келіп түскен азық-түлік өнімдерінің сапасын сақтау мерзімдерін үнемі бақылаймыз. Келетін заттарға қойылатын талаптар - тиісті ассортиментінің тізімге алуға сәйкес және қажетті азық-түлікті қамтамасыз ету, азық-түлік арнайы санитарлық сараптан өткізілген сертификаты болуын. Тамақ ішетін ыдыстардың бала басы толық жеткілікті болуы және бүтіндігін үнемі қадағалаймыз. Қолданып жүрген заңнамаларға сәйкес сапалы және қауіпсіз азық-түліктерді қабылдаймыз. Асхананы тексеру барысында тазалыққа және заң талаптарының сақталуын үнемі қадағалап келеміз.

6. Санитарлық қағидаларды сақтап жұмыс істеуге рұқсат берілген ас әзірлейтін (аспазшы қызметкерлер) медициналық сараптамадан өткен, медициналық кітапшалары жарамды. Сонымен қатар аспазшымен ыдыс-аяқ жуушының жеке бас санитарлық гигиенасы үнемі тексеріліп отырылды.

7. Ас үйде күнделікті әзірленген дайын тамақтың тәуліктік сынамаларын 48 сағат бойына сақтап, зертханалық бақылаулар үшін қалдырылып отырылды;

8. Күнделікті көрінетін жерде, дұрыс тамақтану бұрышының қасына, әрбір ата-ана баласы бүгін қандай тамақ ішіп-жегенін біліп отыруын қадағалау үшін ас мәзірі ілініп қойылды;

